

Л.И. Абдыгалиева

**ЭНТОНИ КЕННИДІҢ «БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА
ТАРИХЫ: АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ. 1 - ТОМ»
ОҚУЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Д.СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Л.И. Абдығалиева

**«Жаңа гуманитарлық білім: Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы негізінде әзірленген Энтони Кеннидің «Батыс философиясының
жаңа тарихы: Антика философиясы. 1 - том» оқулығын меңгеруге
арналған әдістемелік нұсқау**

Өскемен
2019

Жоғарғы оқу орындарының барлық мамандықтарына «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы: «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде әзірленген Энтони Джон Патрик Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы: Антика философиясы 1-том» оқулығын пайдалануға арналған әдістемелік нұсқау жоғары оқу орындары студенттеріне арналып дайындалған. 05.02.2019 ж. – Өскемен: ШҚМТУ, 2018. – 24 бет.

Әдістемелік нұсқауда Энтони Джон Патрик Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы: Антика философиясы 1-том» оқулығын пайдалануға арналған нұсқаулықтар берілген. Әрбір тарауға қысқаша түсіндірмелер беріліп, оқулықтың философия пәнін игеру үрдісіндегі орны, мақсаттары мен міндеттері айқындалған.

Әдістемелік нұсқаулар «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының әдістемелік семинарында қаралып, мақұлданды 29.01.2019 ж. №6 хаттама

КІРІСПЕ

Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандарының да ауадай қажет екенін айтты. Тарих және саясаттану, әлеуметтану және философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды.

Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесіндегі мамандар үшін оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығы, студенттердің бәсекеге қабілеттілігі өзекті болып отыр. «Рухани Жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде жаңа оқулықтар мазмұнын меңгеру, ондағы философиялық көзқарастар мен қағидаларды сауатты меңгеру әр студентке пайдалы дүниетанымдық-философиялық бағыт-бағдар берері сөзсіз. Сондықтан осы жаңа оқулықтар негізінде лекция, семинар, өздік жұмыс мазмұнын толықтыру және сабақтарда толыққанды қолдану қажет.

Философияның ғылым ретінде қоғам өміріндегі маңызына дәлел келтірудің өзі артық. Аталмыш жобаның негізінде аударылған алғашқы 18 кітаптың қатарына әйгілі философ Энтони Джон Патрик Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы: Антика философиясы 1-том» оқулығы енгізілгені де сондықтан.

- Бұл кітап жастарға несімен құнды?

Философиялық дүниетанымның тұлғаның қалыптасып, дамуында маңызды роль атқаратындығын ескере әр адамға, әр студентке бұл пәнді оқып, меңгеруінің аса мәнді қырларын төменде көрсете кетелік:

1) қоғамның әр саласында қызмет етуге өзін рухани тұрғысынан дайындай отырып, өзінің қоғамдағы орны мен атқаратын ролін түсініп, бағалауға дағдылану, тұлғалық-кәсіби іскерлікті қалыптастыру;

2) тақырыптар бойынша өз көзқарасын, пікірін білдіруге үйрене отырып, өмірге деген көзқарасын тұрақты ұстануға өзін-өзі тәрбиелеу;

3) басқа қоғам мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге үйрену;

4) басқа адамдардың көзқарастарын бағалауға, құрметтеуге үйрену.

Оқулық 9 тараудан тұрады, әрбір тарауда қысқаша дәрістер берілген.

1 ОҚУЛЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ, ОНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОРНЫ

1.1 Зерделенетін оқулықтың қысқаша мазмұны

Энтони Джон Патрик Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы: Антика философиясы 1-том» оқулығы алғаш рет 2007 жылы жарық көрген. Содан бері ол ондаған тілге аударылып, екі миллион данамен таралды. Оқулықтың қазақ тіліндегі алғашқы басылымы ағылшын тіліндегі он екінші басылым негізінде дайындалды. Кітап менеджмент саласында қалыптасқан дәстүрлі түсініктермен қатар, жаңа ұғымдар мен тұжырымдарды да қамтиды.

Оқырмандардың философия тарихы жайында ізденуінің екі түрлі себебі бар. Әдетте олар не философияға, не оның тарихына қызығуы мүмкін. Қазіргі философия мәселелерін зерттеу үшін тарихтағы әйгілі ойшылдардың еңбектеріне үңілеміз. Сол арқылы олар өмір сүрген қоғам мен адамдарды, олардың өз танымы бойынша әрекет еткен тұжырымдық ахуалын түсіне аламыз. Күн тәртібінен түспейтін философиялық мәселелерді шешу үшін, өткен заманның зияткерлік әлеміне тереңірек ену үшін де өзге дәуір ғұламаларының еңбектерін оқимыз. Философияның пайда болуынан бастап, қазіргі қалпына дейін қамтылатын бұл ой тарихында мен екі мақсатты да жұмыстың әр бөлігінде өзінше дамытқым келді. Мұны мен осы Кіріспеде түсіндіруге тырысамын. Алайда даналық ілім тарихын жазу үшін мақсатты айқындаудан бұрын азырақ аялдап, нағыз философияның табиғатын саралап алу қажет. «Философия» сөзі әр адамға әртүрлі әсер етеді, тиісінше, «философия тарихы» да әртүрлі түсінілуі мүмкін. Терминнің қандай мағына беретіні нақты бір тарихшының философияда нені маңызды санайтынына байланысты болады.

1.2 Оқулықты зерделеудің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: «Батыс философиясының жаңа тарихы: Антика философиясы 1-том» оқулығы күн тәртібінен түспейтін философиялық мәселелерді шешуге негізделген.

Энтони Кеннидің 1-том оқулығы студенттердің философияны дүниені танып білудің ерекше формасы ретінде антикалық философия тарихы мен теориясын түсінуін қалыптастырып, олардың дүниетанымдық қағидалары мен маңызды көзқарастары туралы мәселелері мен әдістері туралы тұтас әрі тереңірек білім береді.

Әртүрлі ғылымдар секілді философияның теориясы болады, онда осы пәнге тән қасиеттер, міндеттер, категориялар, заңдылықтар, принциптер, әдістер, функциялар және өзінің ізденіс жолы қамтылады.

Оқулықты меңгере отырып әрбір студент өмірге, қоғамға және айналасына көзқарасын жан-жақты, гуманды бағытта тұрақтандыруға қажетті әдістерін антикалық атақты философтардың ілімі арқылы танып, қабылдауға және оны ары қарай дамытуға үйренуді қамтамасыз етуге тиісті.

Сондықтан, **студент міндетті:**

1) қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында антик заман ойшылдарының философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруге, түсінуге;

2) студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға;

3) ғылыми зерттеу қабілеттерін дамытуға, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетті қалыптастыруға.

1.3 Оқулықты зерделеу нәтижелері

Оқулықты пайдалана отырып студент өзінің білімін толықтырып, тұлғалық негізін қалыптастыруға талпыныс жасай отырып, өзіндік көзқарастарын, өзіндік құндылықтарын жасайды.

Студент төмендегі дағдыларды өзінде қалыптастыруы тиіс:

- философиялық категорияларды өзінің өмірді, ақиқатты түсіндіруге қолдана отырып қазіргі заман мәселелерін түсінуі.

Студенттің меңгеретіні:

- әлеуметтік-мәдени және табиғи ақиқаттардың бүтіндігін түсініп, бағалай алуы;

- интеллектуалды-когнитивті ресурстармен қарулана отырып, логика, білім, құндылықтармен өзін дамыту;

- әлем мәдениеті мен мұрасын бағалауға үйрену.

Оқулықты меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі **оқу нәтижелеріне ие болады:**

- нақты дүниені философиялық зерделеудің антикалық ерекшелігін түсіну;

- мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның антикалық ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасай алу;

- антика философиясы кезеңіндегі негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;

- оқулықтағы құнды тұжырымдамаларды этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау, одан сабақ алу;

- қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адамгершіліктік ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;

- кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын сұрақтарға зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

3 ОҚУЛЫҚТЫ ЗЕРДЕЛЕУГЕ СТУДЕНТКЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

3.1 Оқулық бойынша студент конспектіні қалай жасауы керек?

1. «Конспект – бұл мәтіннің негізгі мазмұнын жазбаша баяндау, ең маңызды және қызықты ережелерді көрсету» екенін есте сақтаған жөн.

2. Мәтін мұқият оқылуы тиіс. Қажет болған жағдайда, мағынасы түсініксіз терминдермен бірінші рет кездессеңіз, қайталап оқыңыз және сол ұғымды толық түсіну үшін сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедияларды қосымша пайдаланғаныңыз жөн.

3. Мәтіннің негізгі ережелерін қысқаша түрде жазбаша түрде баяндаңыз, бірақ шығарма авторының негізгі ойлары немесе дәлелдерін түпнұсқаның ерекшеліктерін сақтай отырып, дәл солай конспектіде баяндаңыз.

4. Конспектіде берілген дәйексөздерді тырнақшамен немесе курсивпен рәсімдеңіз, сілтемемен төртбұрышты жақшада көз нөмірін үтір, беттерді алып жүріңіз. Өзіңіз үшін автордың тегі мен аты-жөнін, кітаптың, мақаланың, баспаның, басылымның жылы мен беттің нақты және толық атауын толық көрсетуге болады.

5. Конспектілеу кезінде сөйлесу тілінде болатын қарапайым, жай, тұрмыстық терминдерге жол бермеңіз; ресми көздерде берілмеген сөздерді қолданбаңыз.

6. Конспектіні рәсімдеу кезінде одан әрі жұмыс істеуге көмектесетін тәсілдерді қолданыңыз (астын сызу, даладағы белгілер және т. б.).

3.2 Оқулық мәтінімен студент қалай жұмыс істеу керек?

1. Барлық мәтінді оқыңыз, онда айтылған оқиғалар, құбылыстар туралы тұтас түсінік жасаңыз. Суреттерді, сызбаларды, кестелерді және басқа да иллюстрацияларды мұқият қарап шығыңыз.

2. Мәтінде берілген жаңа ұғымдарға назар аударыңыз. Әсіресе, заңдарды тұжырымдау, қорыту, тұжырымдар, негізгі фактілер, хронология.

3. Толық жоспар жасаңыз, бұл ғылыми мәтінді түсінуге көмектеседі.

4. Есіңізде болсын, бұл тақырып бойынша бұрын оқыған, кейде негізгі ережелерді, қағидаттарды, ұғымдарды қалпына келтіру қажет.

5. Оқулықтағы мәтін мазмұнын қазіргі заманмен байланыстыруға, болашақ кәсіби қызмет үшін жаңа білімнің мәнін анықтауға тырысыңыз.

6. Шет тілінен шыққан жаңа ұғымдарды, терминдерді жазып, оларды дауыстап айтыңыз, үйреніңіз, қайталаңыз.

7. Жаңа материалды қалай меңгергенінді тексеріңіз, оны жоспарды пайдалана отырып, одан кейін жоспарсыз қайта айтып көріңіз.

8. Параграфтың, тараудың соңында қойылған сұрақтар мен тапсырмаларға жауаптар дайындаңыз.

3 ОҚУЛЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ

Бастау: Пифагордан Платонға дейін. Философия тарихы Аристотельден емес, оның тарихнамасынан басталады. Аристотель өзінен бұрынғы философтардың жұмыстарын жүйелі зерттеп, сын айтқан тұңғыш философ болатын. Ол өзінің «Метафизикасында» Пифагор мен Фалестен бастап жиырма жылға жуық ұстазы болған Платонға дейінгі философтардың ілімін жинақтап, қорытынды жасайды. Бұл еңбек әлі күнге балаң философия туралы ең мол және ең сенімді ақпарат көзінің бірі болып келеді.

Төрт себеп Төрт себеп туралы айтылады. Аристотель өте ертедегі грек философтарының еңбегін төрт себептен тұратын өзінің жүйесіне сәйкес жіктеді.

Милет мектебі Әдетте грекиялық философияның негізін қалаушы саналатын милеттік Фалестің (б.д.д. 625-545) тек екі пікірі жазылған. Олар ғылым мен діннің байланысын көрсетеді, біреуі - «Барлық жерде құдай бар» десе, екіншісі - «Су - бәрінің негізі» дегенге саяды. Фалес геометр еді, ол тікбұрышты үшбұрышты шеңберге енгізудің тәсілін алғаш анықтады; ол құдайлардың құрметіне бір бұқаны құрбандыққа шалып, осы жаңалығын тойлады. Сондай-ақ ол өз көлеңкесі бойымен бірдей болатын уақытта пирамидалардың биіктігін олардың көлеңкесі арқылы есептеп шығарды. Ол өз геометриясын іс жүзінде қолданды: бір қабырғасы және оған іргелес жатқан екі бұрышы тең үшбұрыштар өзара тең, яғни конгруэнтті екенін дәлелдеген соң, ол осы нәтижесін теңіздегі кемелердің арақашықтығын анықтау үшін пайдаланды.

Ксенофан. Ксенофан 494 жылы Пифагордың өлімімен және Милеттің күйрелуімен Сократқа дейінгі ойдың бірінші дәуірі аяқталды. Келесі ұрпақта біз тек қана болашақ ғалымдармен ғана емес сонымен қатар бұл сөздің қазіргі заманғы түсінігіндегі философ ойшылдармен кездесеміз. Колофон қаласынан (қазіргі Измирден алыс емес, Милеттен солтүстікке қарай бірнеше жүз миля қашықтықта) шыққан Ксенофан өзінің ұзақ өмірінде екі дәуірді де бастан кешті (б.д.д. 570-470 ж.ж). Ол да Пифагор секілді грек мәдениетінің Шығыс және Батыс орталықтарын байланыстыратын буын саналады. Жиырма жасында Колофоннан қуылған соң, ол кезбе менестрель болды және өз қалтасынан төлеп алпыс жеті жыл бойы Грекияны аралап, өзінің және өзгелердің өлеңдерін таратты (D.L. 9.18). Ол шарап, ойын-сауық және думанды өмірді жырлады, алайда, әсіресе оның философиялық өлеңдері біздің кезімізде жиі оқылады.

Гераклит. Гераклит Гераклит алғашқы иониялық философтардың соңғысы және ең танымалы болды. Ол Ксенофаннан отыз жас кіші болған

деп шамаланады, себебі тарихи мәліметтер бойынша, VI ғасырдың соңында ол орта жаста болған екен (D.L. 9.1). Ол Милет пен Колофонның ортасында орналасқан атақты Эфес мегаполисінде өмір сүрді. Басқа алдыңғы философтарға қарағанда, бізге дейін оның жұмыстарының маңызды үзінділері жетті, бірақ оны түсіну оңай бола қоймайды. Оның үзінділері прозалық афоризмдер түрінде берілген соң көбінесе түсініксіз, кейде әдейі астарлы мазмұнмен жазылған.

Парменид пен элеялықтар. Парменид пен элеялықтар Римдік кезекте Гераклит «жылауық философ» ретінде танымал болған. Ол атомист, жайдары мінезді философ Демокритке қарамақайшы көрінетін. Оны V ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Италия философия мектебінің өкілі, ғалым Парменидпен салыстыру әлдеқайда дұрысырақ. Коне Афинада Гераклит бәрі де қозғалыс үстінде деген теорияның жақтаушысы болса, Парменид еш нәрсе де қозғалмайды деген теорияны ұстанған. Платон мен Аристотель өз заманында түрлі тәсілдермен кейбір заттар қозғалыста, ал кейбірі тыныштық күйде болады деген батыл тезисті қорғауға тырысқан.

Сократ. Философия тарихында Сократты ешкіммен салыстыруға болмайды. Бір жағынан, ол философияның алғашқы ұлы дәуірінің, тиісінше, нағыз философияның жаңалығы ретінде құрметтеледі. Оқулықтарда Сократқа дейін философия болмағандай ойшылдардың барлығы «Сократқа дейінгілер, пресократтықтар» деп аталады. Екінші жағынан, Сократ жазбаша дәлелдемелер қалдырмады. Ежелгі замандарда ойшылдар Сократты философияның негізін қалаушы санайтын, үлгілі философ ретінде құрметтейтін. Орта ғасырларда оның тарихы аз оқылды, бірақ логиктер немесе метафизиктер мысал келтірген сайын оның аты аталатын. Заманауи дәуірде Сократтың өмірі әсіресе зорлықта өмір сүргендер мен дәлелсіз идеологияға бағынудан бас тартқан, қуғыннан тайсалмай, тәуекелге барған философтар үшін үлгі болды. Көптеген ойшылдардың аузынан шыққан нақыл сөздерде оның «зерттелмеген өмірде еш мән жоқ» дегенінен асып айтылған терең мағыналысы бола қойған жоқ. Сократтың өмірі қиындыққа толы болды. Сократтың өмір сүрген уақыты Перикл саясатымен грек әлемінде империя үстемдігі басым болып, Афина демократиясы жетілген жылдарға тұспа-тұс келді. Бұл мәдениет пен әдебиеттің алтын ғасыры еді. Ол кезде Фидий мүсіндер сомдап жатты, Парфенон гимараты тұрғызылды, Эсхил, Софокл мен Еврипид ұлы трагедияларын жазды; ал «тарих әкесі» Геродот Парсы соғыстары туралы әңгімелерін хатқа түсірді. Анаксагор болса Афинада философияны енгізді. Сократ өмірінің келесі кезеңі Афина ақырында Грекиядағы билікті Спартаға беруге мәжбүр болған Пелопоннес соғысы (431-404) тұсында өтті. Соғыстың алғашқы жылдарында ол жаяу әскер датарында үш ірі шайқасқа қатысты. Ол 422 жылы Делияда ойсырата соққы алғаннан кейін кері шегіну кезіндегі батылдығының арқасында атақ-абыройға ие болды.

Платонның «Мемлекеті». Платонның «Мемлекеті» Платонның ең атақты «Мемлекет» диалогінде, біздің жаңа ғана қарастырған Идеялар теориясы логикалықжәне семантикалық мақсаттар үшін ғана емес сонымен

қатар этика, метафизика және эпистемология мәселелерінің шешімін табу үшін қолданылады. Теорияның бұл нәтижелері алдағы бөлімдерде қарастырылады. Алайда «Мемлекет» оның теорияларының көптүрлі қолданылуынан ғана емес, сонымен қатар басты кітаптарында жазылған саяси механизм тетіктері арқылы әлемге толығымен әйгілі.

«Заңдар» және «Тимей». «Заңдар» және «Тимей» Кейіннен Платон өз өмірінде философ-патша ойынан бас тартты және Идеялар теориясына саяси маңыздылық тұрғысынан қарауын тоқтатты. Ол басқарушының мінезінен гөрі, оның басқаратын заңдарының мінезі қаланың әл-ауқаты үшін маңыздырақ деген пікірге келді. Өзінің ең соңғы және ұзақ «Заңдар» еңбегінде Криттің оңтүстігінде құрылып жатқан Магнезия қонысының құрылымын криттікпен және спарталықпен талқылап отырған афиналықты бейнелейді. Ол жерде негізінен ауыл шаруашылығымен айналысады, еркін халықтың дені азаматтық фермерлерден тұрады. Қол еңбегін көбіне құлдар жасайды, ал кәсіп пен сауда сырттан келген тұрғындардың еншісіне беріледі. Толық азаматтық тек он екі тайпаға бөлінген 5040 ересек еркекке беріледі. Афиналық келушілер кеңесінің нәтижесінде ұсынылған, мемлекеттік құрылғының жоспары Платонның қиялдағы мінсіз мемлекет құрылымы мен афиналықтардың конституциялық ережелерінің арасында болады.

II ТАРАУ

Ой мектептері: Аристотельден Аугустинге дейін. Грекияның классикалық мемлекет-қалаларынан Македонияның солтүстігіндегі патшалыққа дейінгі саяси билік жүйесі XIV ғасырда түгел өзгеріске ұшырады. Сол сияқты, афиналық Сократ пен Платоннан кейінгі, келесі әйгілі философ - македониялық болды. Аристотель Сократтың өлімінен кейін он бес жылдан соң, Халкидики түбегінің кішігірім Стагира мекенінде дүниеге келді. Ол Александр Македонскийдің атасы - Аминтас патшаның сарай дәрігері Никомахтың ұлы еді. Әкесі қайтыс болғаннан кейін, ол 17 жасында 367 жылы Афинаға қоныс аударды және Платонның академиясына түсті. Жиырма жыл бойы Платонның шәкірті әрі әріптесі болды. Тарихтың басқа ешбір кезеңінде осындай зияткерлік қуат бір мекемеде топтасқан жоқ деп сеніммен айта аламыз.

Аристотель академияда. Аристотель академияда Платонның кейінгі диалогтерінің көбі осы кезеңде жазылды, ал олардағы кейбір дәлелдерден Аристотельдің пікірталастардағы әдісін көруге болады. Платон анахронизм тәсілін тамаша қолдана отырып, «Парменидке» Аристотель есімді кейіпкерді енгізеді, диалогте Идеялар теориясы өткір сынға алынады. Аристотельдің өз еңбектерінің де кейбірі осы кезеңге жатады. Алайда ертедегі шығармаларының көбі кейінгі ойшылдардың көшірмесі мен үзінділерінде сақталған. Аристотель өзінің ұстазы сияқты бастапқыда диалог түрінде жазды және оның диалогтерінің түрі мен құрамынан Платонның ықпалы көрінеді.

Ликей және оның оқу бағдарламасы. Дикей және оның оқу бағдарламасы Гермийдің өлімінен кейін шамамен сегіз жылдан соң,

Аристотель Македония астанасына македон патшасы II Филипптің келешекте ұлы Ескендір атанатын 13 жасар баласына тәлімгер болуға шақырылды. Оның сабақтарының мазмұны туралы мәлімет аз: Аристотель жазбаларының қатарындағы Ескендірге арналған риторикаәдетте жалған, жасанды саналады. Көне дереккөздердің мәлімдеуінше, Аристотель өзінің бала шәкірті үшін отарлау және патшалық жөнінде шығармалар жазды, оған Гомердің кітабын берді. Ескендір осы кітапты жастығының астына салып ұйықтаған-мыс және 336 жылы патша болып, даңқты әскери қызметін бастағанда, ол өзінің ұстазына Кіші Азия және Грекия елдерінің төрт бұрышынан биологиялық үлгілерді жіберуді ұйымдастырған дейді.

Аристотельдің риторика және поэзия туралы ойлары. Аристотельдің риторика және поэзия туралы ойлары Аристотель өнімдік ғылымдар саласында адвокаттар мен драматургтердің маңызды міндеттеріне көмектесуге арналған екі еңбекті - «Риторика» мен «Поэтиканы» жазды. Оның пікірінше, риторика дегеніміз - кез келген туындаған жағдайда тұжырымның мүмкін мағыналарын анықтап беретін ғылым: ол бір нақты саламен шектелмейді, оның ауқымы бейтарап. Сөйлеген кезде тұжырымдарға сендірудің үш негізі бар: сөйлеушінің мінез-құлқы, аудиторияның көңіл-күйі және уәждің күштілігі. Сондықтан риториканы үйренуші қисынды пайымдап, мінезді бағалап және сезімдерді түсінуі керек. Аристотель өзінің басқа трактаттарында мінез және логика туралы тереңірек түсіндіріп жазды, алайда «Риториканың» екінші кітабында адами сезімдерге толық талдау жасайды. Оның айтуынша, эмоциялар - адамның пікірін өзгертетін және сонымен қатар жанға жара салатын және ләззатқа батыратын сезімдер. Ол белгілі бір эмоцияны алып, оған анықтама беріп, оның табиғатын және себептерін тізімге алды. Мысалы, ашуға - «азапқа душар ететін талап» деген анықтама береді, соның себебінен біреуге немесе біреудің досына деген өшпенділік, жағымсыз менсінбеушілік пайда болады. Ол біздің ашу-ызамызды оятатын адамдардың ұзын-сонар тізімін келтіреді: ол тізімде, мысалы, бізді мазақ қылып күлетіндер немесе біз шөлдегенде су ішкізбейтіндер, тіпті жұмыс істегенде кедергі келтіретіндер де бар.

Аристотельдің этика туралы трактаттары. Аристотельдің этика туралы трактаттары Егер біз өнімдік ғылымдардан тәжірибелік ғылымдарға ауыссақ, онда біз Аристотельдің басты үлесі өнегелі философия мен саяси теория туралы еңбектерінде екенін анықтаймыз. Еңбекте өнегелі философияның үш трактаты көрсетілген: «Никомах этикасы» (НЭ) - он кітап, «Евдем этикасы» (ЕЭ) - жеті кітап және «Ұлы этика» - екі кітап. Аристотель ойының дамуымен танысқысы келген адам үшін бұл мәтіндер - өте қызықты. Метафизика және физика туралы трактаттарда қайта қарау және қайта жазу іздерін көруге болады, ал біздің қолымыздағы этикада Аристотельдің доктриналары бір тақырыппен үш түрлі бағытта біршама толық берілген. Алайда бұл құбылысты түсіндірерліктей ешбір пікір бірлігі жоқ.

Аристотельдің саяси теориясы. Аристотельдің саяси теориясы «Евдем этикасының» өзінде ойшыл «Құдайға қызмет ету және зерделеу» деп,

моральдық игіліктердің лайықты қалыптасу ережесін бекітеді және «Никомах этикасында» бұл зерделеу кемел адамның әрекеті ретінде сипатталып, ол біздің бойымыздағы құдайдың құдіретінің көрінісі деп түсіндіріледі. Аристотельдің айтпағы: қаншалықты ажалды пенде болсақ та, біз шамамыз келгенше өзімізді ажалсыз етуге тырысып бағуымыз керек. Егер біз «Этикадан» оның жалғасы - «Саясатқа» ауыссақ, көктен жерге түсеміз. «Адамдар - саяси жаратылыс, - дейді бізге ежелгі ойшыл, - олар тән мен қаннан жаралған, бір-бірімен иық тіресіп, қалалар мен ұйымдарда өмір сүреді».

Аристотельдің космологиясы. Аристотельдің космологиясы Аристотельдің сақталған шығармаларының басым бөлігі тәжірибелік немесе өнімдік ғылымдардан гөрі теориялық ғылымдармен тығыз байланысты. Біз оның биология саласындағы жұмыстарын қарастырдық: енді физика және химияға қатысты еңбектері туралы айтатын уақыт жетті. Оның бұл пәндерге қосқан үлесі өмір туралы ғылым саласындағы зерттеулерге қарағанда таңғаларлықтай болды. Оның зоологиялық жазбалары Дарвиннің өзін таңдандырса, оның физикасы біздің заманымыздың VI ғасырына дейін жетіп, сол кезде ғана ескірді. «Аспан туралы» және «Жаралу мен жойылу туралы» еңбектерінде Аристотель өз ізбасарларына Сократқа дейінгілерден мұра болып қалған жазбалардағы әлем сипатын мирас етіп қалдырды. Ол Эмпедоклдың төрт элементін - жер, су, ауа және отты алды. Олардың әрқайсысы ерекше сыңарларының қасиетімен сипатталады - жылу, суықтық, ылғалдылық және құрғақтық: жер суық және құрғақ, ауа ыстық және ылғалды және т.б. Әр элементтің ғарыш тәртібінде өзінің тиесілі орны бар және әр элемент тұмысынан өзінің тиесілі орнын бетке алып жылжуға бейім. Сөйтіп, жердің қатты денелері өртенген кезде оған ештеңе кедергі болмаған соң, барған сайын жоғарылай түскен. Осындай әр қозғалыс әр элементтің табиғатына тән басқа да қозғалыс болуы мүмкін, алайда ол күшпен келеді (біз табиғи өлімге кісі қолынан өлуді қарсы қойғанда, Аристотельден қалған осы айырмашылықты ұстанамыз).

Ерте христиан философиясы. Ерте христиан философиясы Марк Аурелийдің кезінде стоицизм үстем болды, эпикурлық ілім ақырын жылыстап кете берді. Императордың Афинада арнайы кафедра берген философиялық мектептердің арасынан көрінбегені - христиандық еді. Шынында да, Марк христиандарды қатаң қудалауға бұйрық берді, олардың қиналысын әртістердің ойыны деп қабылдады. Оның патшалық құрған кезінде жазаланған ең алғашқы христиандық философ Юстин еді, ол оған христиандық туралы «Апологияны» арнады.

III ТАРАУ

Пікірталас өнері: Логика. Логика - айқын да анық дәлелдерді солқылдақ, әлсіз дәлелдерден бөлетін пән. Аристотель оның негізін қалаушы деген атқа лайық және мұны құр мақтау ғана деп қабылдауға болмайды. Әрине, қоғамдасып өмір сүрген кезден бастап адамдар арасында дау-дамай туындаған тұстарда, қарсы жақ дәлелдерінің қисыны әлсіз, осал тұстарын

тайға таңба басқандай көрсетіп, дау-шарды әділ төрелік айтып шешіп отыратын шешен билер болған. Джон Локк айтқандай, «Құдай адамдарды екі аяқты етіп жаратып қана қойған жоқ, оларды рационалды етуді Аристотельге қалдырды». Басқа ешкім емес, тек Аристотельдің арқасында ғана біз дәлелмен сендіре сөйлеудің алғашқы шартты білімін игердік. Алайда мұнда, ең алдымен, Платонға қарыздар екенімізді де мойындау керек. Протагордың жетегіне ере отырып, Платон сөйлеу бөліктерінің арасындағы айырмашылықтарды айқындады, сол айырмашылықтар логикаға негіз болатын бөліктерді қалыптастырады. «Софистте» ол зат есім мен етістіктің арасындағы айырмашылықты аңғартады, етістік іс-әрекеттің көрінісі болса, зат есім сол іс-әрекетті орындаушыны көрсетеді. «Сөйлемде ең кемі бір зат есім мен бір етістік болуы керек. Қатарынан келген екі зат есім немесе қатарынан келген екі етістік сөйлем бола алмайды» дейді ол. «Жүреді, жүгіреді» де, «арыстан, бұғы» да сөйлем емес. Сөйлемнің ең қарапайым түрі шамамен мынадай болуы керек: «адам оқиды» немесе «Теэтет ұшады» - құрылымы осындай сөйлем ғана ақиқат немесе жалған бола алады. Бұл - мүмкін мысалдардың біреуі ғана. Сөйлемнің кішкентай бөліктерге бөлінуі - дәлелді логикалық талдаудағы ең қажетті алғашқы қадам.

Аристотель силлогистикасы. «Алғашқы аналитика» қорытынды жасаудың негізгі әдісі - силлогизмдер теориясына арналған. Аристотель силлогизмдегі терминдерге әртүрлі үш рөл береді. Предикаттың қорытындысы болып шығатын термин негізгі термин саналады, негізгі терминнің қорытынды арқылы анықталуын көрсететін термин - екінші деңгейлі термин, ал әр сөйлемде кездесетін термин - орта термин болады.

«Түсіндірмелер» және «Категориялар». «Түсіндірме» және «Категориялар» «Алғашқы аналитика» сияқты «Түсіндірмелер туралы» да ең алдымен «әр», «бірі де емес» немесе «кейбір» деген сөздерден басталатын жалпы уәждерді қарастырады. Бірақ оның басты проблемасы - оларды бір-бірімен силлогизмдерге байланыстыру емес, олардың арасындағы сәйкестік пен сәйкессіздіктің байланысын зерттеу. «Әр адам - ақ» және «бірде-бір адам - ақ емес» деген уәждер ақиқат, бірақ екеуі бірге ақиқат бола алмайды. Аристотель ондай уәждерді қарама-қарсылықтар дейді. Алайда егер сондай жағдайларда кейбір адамдар ақ, ал кейбірі ондай емес болса, онда олардың екеуі де жалған болғаны. «Әр адам ақ» және «Кей адамдар ақ емес» болса, алдыңғы жұптағы сияқты екеуі де ақиқат бола алмайды; бұл уәждер адамдар туралы болғандықтан, олардың екеуінің бірдей ақиқат болуы мүмкін емес. Егер олардың біреуі ақиқат болса, онда екіншісі - жалған. Егер олардың біреуі жалған болса, онда екіншісі - ақиқат. Аристотель мұндай жұпты қарама-қайшылық деп атайды.

Аристотель уақыт және модальдылық туралы. Аристотель уақыт және модальдылық туралы «Категориялар» және «Түсіндірмелер туралы» еңбектерінде талқыланған сөйлемдердің ерекшеліктері олардың шынайы құндылығын өзгерте алуында жатыр. «Категорияларда» заттарға бір күйден қарама-қарсы күйге ауысу тән немесе тән емес екенін талқылау барысында Аристотель айтады: «Бір мәлімдеме әрі шын, әрі жалған болып көрінуі

мүмкін. Мысалы, әлдебір адамның отырғаны туралы мәлімдеме шын болса, ол адам орнынан тұрып кеткеннен кейін ол мәлімдеме жалған болады». Жалпы заманауи тұжырымдамаға сәйкес, ешқандай сөйлем бір уақытта шын болып есептеліп, келесі уақытта жалған болып саналмайды.

Стоиктер логикасы. Стоиктер логикасы Аристотельден кейінгі заманда модальдық логика Мегара мектебінде ерекше бағытта дамыды. Диодор Крон үшін пропозиция қазір келешекте шынайы болғанда ғана мүмкін, ол жалған болса және ешқашан шынайы болмаса - мүмкін емес, ол тек шынайы болып, ешқашан жалған болмаса ғана міндетті болады. Диодор да Аристотель сияқты пропозициялар уақытпен белгіленетінін, өзінің шынайы мәнін өзгерте алатынын мойындады, алайда Аристотельге қарағанда, оған шынайылық пен мүмкіндік арасына нақты айырмашылық жасаудың қажеті болған жоқ, себебі мүмкіндік шынайылық тұрғысынан ғана анықталады. Пропозиция, Диодор айтқандай, өзінің шынайы мәнін өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар өзінің модальдығын да өзгертеді. «Парсы империясы жойылды» деген сөйлем - шындық емес, алайда Сократ тірі болғанда мүмкін еді; Александрдың өлімінен кейін ол шындық және қажеттілік болды. Диодор де Аристотель сияқты ерекше қажеттілік өткенге жүгінеді дейді.

IV ТАРАУ

Білім және оның шегі: Эпистемология. Қазіргі кезде философияның эпистемология деп аталатын саласы бар - ол нені тануға болатынын және оны қалай тану керектігін зерттейді. Бәріміздің де алуан сұраққа қатысты түрлі тұжырымымыз бар: оның бәрі бірдей нақты білім санала ма? Шынайы білімнің көрсеткіші қандай және ол қарапайым түсінік-сенімнен қалай ерекшеленеді? Жай ғана алдамшы, жалған түсінікті жою үшін ақиқат туралы білім алудың ең сенімді жолы қандай? Осы сұрақтар адамзат дамуының ерте кезеңінен бастап грек ойшылдарының санасын жаулады.

Сократ заманына дейінгі эпистемология. Сократ заманына дейінгі эпистемология Эпистемологияның негізін салушының рөліне Парменид үміткер бола алады: ол жоқ дегенде, білім мен сенім арасындағы жүйелі айырмашылықты көрсетіп кетті. Оның атақты поэмасының басында әйел құдай оған «барлық нәрсені - анық ақиқатты да, пенделердің сенімсіз ойларын да оқып-тани аласың» деп уәде береді. Поэма екі бөлімнен тұрады: шындық жолы және алдамшы көзқарас жолы. Шындық жолы Парменидтің болмыс туралы теориясын анықтайды, оны біз метафизикаға арналған 6-тарауда қарастырамыз. Көзқарас жолы сезім әлемімен, өзгерістер һәм түстер әлемімен, бос атаулар әлемімен айналысады. Ақиқат жолын таңдамаған пенделер метафизикалық қателерге ұрынып, білімсіз қалады. Есінен адасқан, көзін шел басқан, құлағы бітіп қалған олар ішкі сенімінің дәрменсіздігінен «екі бастылар» деп аталуға лайық. Шынайылық пен жалған көрініс арасындағы айқын айырмашылық басқа бағыттағы философ - Демокриттің еңбегінде талқыланады. Ол атомдар мен бос кеңістікті екі бөлек әлем деп

есептейді. Сезім арқылы қабылданатын қасиет - тек сыртқы көрініс қана. Демокрит сезім арқылы қабылданатын нәрселер заттар туралы шындық бола алмайтынын көрсету үшін олар бір-біріне қарсы келеді деп дәлелдеген-ді. Аурулар мен дені саулар нәрселердің дәміне орай келісе алмайды, адамдар жануарлармен тіл табыса алмайды және сезімдік қасиеттер де бір адамның өзіне әр кезде әртүрлі көрінеді.

Сократ, білім және білімсіздік. Сократ, білім және білімсіздік Протагор мен Горгий софистер еді, оларды тіпті «скептицизмнің бастамашылдары» деп те жазғыратын. Кейбіреулер Сократ та сол қатарға қосылды деп ойлады. Әрине, Сократ білімге талабы жөнінен басқалардан озып кетті, өзінің білімсіздігін мойындау жағынан да бәсі биік болды. Алайда ол нақты бір саладағы мамандар немесе қолөнершілер туындысын әкелген білімге дау айтқан жоқ. Шынында да, Платонның Сократпен сұхбаты бізді етікшілік, судағы құрылыс, суда жүзу, ас пісіру, емдеу сияқты өнер мен кәсіптің түрлерін көрсетіп, мораль мен саяси білімдерге талаптанғандар өз қалауын тауып, тексеру үшін құрастырылған білім парадигмасымен таныстырды. Егер Сократты скептик десек, онда оның скептицизм! шектелген және шартты еді. Тек кейбір маңызды нәрселер туралы білім ғана қолжетімсіз болды, ол міндетті түрде адам баласының танымынан тыс нәрсе емес, тек ол заманда ондай білім Афинада болмағанды.

Білім және «Теэтет». Білім және «Теэтет» Платонның маңызды диалогтерінің бірі - «Теэтет» «Білім (episteme) дегеніміз не?» деген мәселеге арналған. Әуелгі диалогтерінің қатарына жатпаса да, құрылымы Сократ сұхбаттарына ұқсайды: басты кейіпкер (мұнда атақты жас математик) бірнеше анықтама ұсынады, оларды Сократ теріске шығарады, сосын драма білімсіздікті әшкерелеумен аяқталады. Диалогтің басында жас Теэтетті «Білім деген не?» деген сұрақтың толғағы қысады, Сократ болса, жауапты жарық дүниеге әкелуге көмектесу үшін өзін босандырушы ретінде ұсынады, алайда «жүктілік» жалған, ал «нәресте» тек қана елес болып шығады. Теэтет бірінші сөзінде білім мынадай заттардан тұрады дейді: «бір жағынан, геометрия және астрономия, ал екінші жағынан, етікшілік пен ұсталық». Бұл жарамайды, Сократ ешқашан да құр тізімді қанағат тұтпайды және: «егер біз геометрия мен ұсталықты анықтауға тырыссақ, «білім» деген сөздің өзі анықтамада пайда болар еді», - дейді. Әрі қарай Теэтет «білім дегеніміз - қабылдау» деп жорамалдап, «бірдеңені білу дегеніміз - оны сезіммен қабылдау» дейді. Ал Сократ «Егер сол қабылдау үнемі дұрыс болса, онда шынайы нәрсе таныла алады, білім де сезім арқылы көріне алады» дейді. Алайда бұл - тек біз Протагордың тезисін қабылдаған жағдайда ғана мүмкін іс: жеке адамға шынайы болып көрінген нәрсе - ол үшін де шынайы.

Білім және идея. Білім және идея Екі диалогтегі сипаттар бәрінен де ерекшеленеді, өйткені «Мемлекет» «Теэтет» секілді емес, Платонның идеялар теориясына жүгінеді. Екі диалогке ортақ нәрсе - «мәлім дүние ақиқат болуы керек» деген ұстаным, білім тек бар нәрсе туралы ғана бола алады. «Мемлекетте» идеялар орынды, өйткені Платон, шын мәнінде, тек идеялар ғана бар деген тезисті жақтады: идеядан басқаның бәрі - тек сәйкес сезіммен

қабылдау ғана. Мысалы, сұлу нәрсе сұлулық идеясынан басқаша болады, сұлу нәрселердің бәрі бір жағдайда сұлу болса, екінші жағдайда олай емес, бір бөлігі сұлу болса, басқа бір бөлігі сұлу болмайды. Сұлулық идеясынан басқаның бәрі - жай ғана сұлу емес, уақытша ғана. Идеялар теориясы бірінші рет «Мемлекеттің» 5-кітабында философты сипаттағанда келтіріледі. Онда Платон, жай ғана көрініс пен дыбыстарға қызығушы дилетанттан ажырату үшін, философты ақиқатты сүйюші ретінде көрсетеді.

Аристотельдің ғылым мен иллюзия туралы ойлары. Аристотельдің ғылым мен иллюзия туралы ойлары Басқа мәселелер сияқты, гносеологияда да Аристотельдің күн тәртібінде Платон тұрады. Ол Платон анықтаған сезім мен зерде арасындағы айырмашылықты қабылдап, оған айрықша мән берді. Ертеректегі Эмпедокл және Демокрит сияқты ойшылдарды сезім мен ойдың арасындағы айырмашылықты түсінбеді деп сынады. «Теэтет» мәтінін ескере отырып, Платон сезімдердің сенімді және қате жақтары туралы Протагор сауалына қайта оралады. Ақырында, ойлаудың түрлі күйлері туралы тұжырымды қабылдады және дамытты; олардың ең жоғары деңгейіне, нақты айтқанда, ғылыми білімге жетудің критерийлерін жазды. Платон сезімдік тәжірибелердің тұрақсыз және шатасқан табиғатын жиі көрсететініне назар аударады. Мысалы, «Мемлекеттің» оныншы кітабында: «Заттар судың ішінде қисық сияқты, ал одан шыққанда түзу сияқты көрінеді, заттар көзге ойық немесе дөңес болып көрінеді, өйткені олардың бояуы көзді алдайды, осындай шатасулардың бәрі біздің жанымыздан көрініс табады». Осыларға сол жанның пайымдау қабілеті арқылы анықталатын өлшеу мен есептеу нәтижелерінің тұрақтылығын қарсы қояды. Аристотель, «Метафизикадағы» қайшылық принципін қорғау барысында, Протагор дәлелдеріне қарсы сезімнің гносеологиялық тұғырын қарастырады. Проблема сезімдік қайшылықтардың көріністерінен туындайды.

V ТАРАУ

Бәрі қалай болады: Физика. Аристотельдің екінші категориясы - сан категориясы, ол «қаншалықты үлкен?» деген сұраққа жауап береді. Ал Аристотельдің жауаптарында келтірілетіні - «ұзындығы терт фут», «биіктігі алты фут». Ол мөлшердің екі түрі болады: дискретті және континуумды. Дискретті мөлшер - мысалы, мың адамнан тұратын әскери қол; континуумды мөлшерге мысал ретінде сызықтарды, заттардың беттерін, денелерді, уақыт пен орынды алуға болады. Аристотельдің континуумды және континуумдық мөлшерді түсіндіруі - оның физикалық философиясының негізі, сондықтан осы бөлімнің бірінші тарауы осы тақырыпқа арналады.

Континуум. Континуум Аристотель «Физиканың» 6-кітабының басында сандық элементтер арасындағы түрлі қатынастарды көрсету үшін үш терминді енгізеді: олар бірізді, аралас және үздіксіз. Екі элемент, егер олардың арасында өздері сияқты нәрседен басқа ештеңе жоқ болса, бірізді болады. Демек, Аристотельдің пікірінше, архипелагтағы екі аралдың арасында тек теңіз ғана болса, олар бірізділікке жатады; егер күн мен күннің

арасында бір түн өтіп, екі күнді әрі жалғастырып, әрі бөліп тұрса, оларды аралас дейміз; егер арасында бір ғана шекара болса, ондай объектілер үздіксіз делінеді. Ол бұл анықтамаларды «континуум бөлінбейтін атомдардан тұрмайды» деген тұжырымды дәлелдеудің дәйегі есебінде келтіреді.

Аристотельдің орын туралы ойлары. Аристотельдің орын туралы ойлары Аристотельдің бесінші категориясы - «қайда?» деген сұраққа жауап беретін орын категориясы; оған қайтарылатын дәл жауап «Ликейде» бар. «Категорияларда» бұл категория туралы басқа ештеңе айтылмайды. Бірақ «Физиканың» 4-кітабында орын туралы алты тарау бар (бұл өте күрделі тақырып бойынша ол өзінің ізбасарларынан ешқандай көмек таба алмағанын айтады. Әр дене, бір қарағанда, ең кем дегенде, белгілі бір орында болады және бір орыннан екінші орынға ауыса алады. Бір орынды әртүрлі уақытта түрлі дене ала алады.

Аристотельдің қозғалыс туралы пайымы. Аристотельдің қозғалыс туралы пайымы Алайда Аристотельдің қозғалыс туралы іргелі еңбегіне онымен бұрыннан байланыста болған ескі теориялар нұқсан келтірген жоқ, шындығында, бұл оның физикалық философиясының ең нәзік бөлігі болатын. «Қозғалыс» (kinesis) ол үшін бірте-бірте өсу мен түсін өзгерту сияқты түрлі категориялардағы өзгерістерді қамтитын кең ауқымды ұғым болды. Дегенмен бір орыннан екінші орынға ауысу, жергілікті қозғалыс, оның теориясын түсіндіруге пайдаланатын парадигманы да қамтамасыз етеді.

Аристотельдің уақыт туралы байламы. Аристотельдің уақыт туралы байламы Аристотель үшін кеңею, қозғалыс және уақыт бір-бірімен етене жақын және реттілікпен байланысты іргелі үш континуум саналады. Оның өзгеру парадигмасы - жергілікті қозғалыс, қашықтыққа байланысты қозғалыс: қозғалыс өзінің үздіксіздігін кеңістіктің кеңею континуумынан алады. Уақыт, өз орайында, қозғалыстың үздіксіздігінен туындайды

Аристотель себептік байланыстармен өзгерістер туралы. Аристотель себептік байланыстар мен өзгерістер туралы Аристотель «Метафизикасындағы» Д және «Физикадағы» философиялық сөздігінде төрт түрлі себептің немесе түсіндірмелердің тектерін ажыратады. Біріншіден, оның сөзіне сүйенсек, қоладан мүсін жасау және әріптерден сөз жазу сияқты, заттарды жасауға болатын нәрселер бар. Мұны материалдық себептер дейміз. Екіншіден, заттардың формалары мен құрылымы бар. Олар өзінің анықтамасынан көрінеді: лирадағы екі ішектің ұзындығының үлесі - бір нотаның бір октавада, ал екіншісінің екінші октавада болуының себепшісі.

Тектердің үшінші себебі - бір нәрседегі өзгерістің шығу тегі мен тыныштық күйінің көзі, Аристотельдің ізбасарлары мұны көбіне «эффектілі себеп» деп атады. Аристотель мысал ретінде баланы дүниеге әкелу туралы әкесінің шешімін, мүсінді жасайтын мүсіншінің, науқасты емдейтін емшінің, жалпы затты жасайтын немесе өзгертетін адамның шешімін келтіреді. Төртінші және соңғы себептің соңы немесе мақсаты - бірдененің не үшін жасалғанын айту, бізден біреу «Неге серуендеп жүрсің?» деп сұраса, «Денсаулықты жақсарту үшін» деген жауаппен түсіндіруге болады. Бұл соңғы себеп «ақырғы себеп» деп атаумен белгілі болып кетті.

Стоиктердің себептілік туралы ойлары. Стоиктердің себептілік турады ой дары Стоиктердің себептілік туралы түсініктері Аристотельдің түсініктерінен әрі қарапайым, әрі күрделірек. Оның қарапайымдығы - стоиктер материалды, шартты және ақырғы себептерді дұрыс аталған себептер деп санамады, олар Аристотельдің ізбасарларын «себептер тобыры» деп келемеждеді. Әйтсе де олардың тиімді себептерді зерттеуі себептілікті сипаттауда канондық форманы пайдалану жағынан әлдеқайда күрделірек, олар себептіліктің түрлерін ажыратқанда бай жіктеме жасап шықты. Ең бастысы, Аристотельмен салыстырғанда, олар себептіліктің әмбебап заңын ұсынды: ол жазылып, қорғалуы тиіс.

VI ТАРАУ

Метафизика дегеніміз не? Метафизиканың басты тақырыбы - онтология, яғни болмысты зерттеу. «Онтология» сөзі гректің он (көпше түрде onta) сөзінен шыққан, ол еіпаі - «болу» етістігінің осы шақтағы есімшелі формасы. Грек тілінде, ағылшын тіліндегідей, адамдар немесе заттар тобын айқындап көрсету үшін, мысалы, тірілер мен өлілер туралы айтқанда, қазір тірі жүргендердің немесе қазір өліп жатқан адамдардың бәрін меңзесек, белгілі бір артикльді есімшенің алдына қоюға болады. Онтологияның негізін қалаушы Парменид болды. Ол он есімшесінің алдына to артиклін қойып, өз саласын белгілеп алды. То он тіркесінің сөзбе-сөз мағынасы - «тіршілік иесі, жаратылыс», яғни өмірде бар заттың бәрі деген ұғымды береді. Әдетте, ол сөз ағылшын тіліне ең бастапқы мағынасымен «тіршілік иесі» деп аударылады. Ол негізсіз: ағылшынның being сөзінің философияда екі түрлі қолданылуы бар - бірі грек тіліндегі есімшеге сәйкес келсе, екіншісі грек тіліндегі етістіктің тұйық райына дөп түседі. Ағылшын тілінде а белгісіздік артиклінің көмегімен а being тіркесі жасалады, ол - «тіршілік иесі», яғни тіршілік етуші адам деген сөз; ал being (етістіктен жасалған зат есімнің артикльсіз қолданылуы) сөзінің өзі әр адам жаратылысының әрекеті, атап айтсақ, тіршілік етуі, болуы деген ұғымды білдіреді. Ал жекелеген тіршіліктердің жиынтығы болмысты құрайды.

Парменид онтологиясы. Парменид онтологиясы Ал енді Парменидтің кедір-бұдырлы, түсініксіздеу өлеңінде айтылған кейбір жұмбақ пікірлерді толығырақ қарастырайық, оны мен өзімнің олақтау аудармамда былай жеткізуге тырыстым: Санаңды егер ой шырмаса, атын оның болмыс дейді, Дүниеде бар тек болмыс қана, басқа ештеңе болмас дейді

Платонның ойлары және ондағы проблемалар. Платонның ойлары ж әне ондағы проблемалар Парменид пен Гераклит ғасырларға созылған философиялық қақтығыстар үшін шайқас алаңын салып беріп кетті. Платонның философиялықтолғаныстарының басым бөлігі осы екі аполегетті бітістіру мен қарусыздандыруға арналған-ды. Оның кейіпкерлерінің бірі бізге «ойшыл кез келген ақиқаттың өзгеріссіздігі туралы доктринаны немесе ақиқат барлық жерде өзгереді деген доктринаны қабылдаудан бас тартуға тиіс» дейді: «Өзінің тәтті тоқашын алып жегісі келетін бала секілді, ол болмыс деген бір мезетте әрі өзгермейтін, әрі өзгеру үдерісіндегі барлық

нәрселердің ортақ жиынтығы екенін айтуы керек». Аристотель Гераклит идеяларының әсерінен Платонның философияға бет бұрғанын, сол идеяларды өмір бойы ұстанғанын айтады. «Теэтетте» Платон Гераклит идеяларындағы ақиқатты сақтап қалуға тырысатын түйсіну теориясын ұсынады, алайда әмбебап ағымды қабылдамайды.

Аристотельдің формалары. Аристотельдің формалары Аристотель Идеялар теориясын қатаң сынға алды. Кейде ол оны құрметтей отырып сынайды.: «Платон - менің досым, бірақ шындық маңыздырақ»), ал кейде қорлап мысқылдайды: «мұндай өтірікпен қоштасу керек»). Оның сыны, дөрекі болса да, сыпайы болса да, басты диалогтерде көрсетілгендей, «Парменид» пен «Софистегі» Формалар теориясын дамытуға емес, тек теорияға бағытталған сияқты. Дегенмен ол Платонның кейінгі ойларын өз еңбектерінде, атап айтқанда, «Метафизика Z-тегі» (Metaphysics Z.) өз формалар теориясын дамытқан кезде астарлап жиі қолданады. Онда ол Платон теориясындағы және өз теориясындағы қиындықтарды бірдей қарастырады. Кітапты түсіну қиын, бірақ менің ойымша, бұл кітап - оны өзінің лабиринтінен жетелеп шығатын жалғыз шарғы жіп.

VII ТАРАУ

Жан мен сана. Жан философиядан әлдеқайда көбірек жасаған. Әлемнің барлық мәдениеттерінде адамдар өлімнен құтыламыз деп қиялдаған. Соған сәйкес, «жан» әлемінің антикалық баламасы біздің бойымыздағы өлмейтін нәрсенің символы ретінде пайда болды. Философия пайда болған сәттен бастап дін мен философияның түйіскен тұсында өлімнен кейінгі өмірдің мүмкіндігі мен жан табиғаты басты мәселе болып келеді.

Пифагор метемпсихозы. Пифагор метемпсихозы Пифагор алғашқы философ ретінде көп дәріптеліп, өлімнен кейінгі өмір идеясын жақтаушы ретінде де танылған. Бірақ ол басқалар секілді жан өлімнен кейін өзге, тылсым әлемге өтеді дегенге сенбеген, біз өмір сүріп жатқан дүниеге қайтып келіп, басқа тәнде өмірін жалғастырады деп санаған. Ол өзінің жаны - сол кезден бірнеше жүз жыл бұрын Троя қаласын алуға қатысқан батыр бабасының рухы деп, сол қаланы алудағы көріністерді есіне түсіріп, айтып берген. Жанның басқа тәнге көшуі, яғни трансмиграция (мәңгі созылмаса да) - бір басқа да, өлімге бойсұнбайтын, ажалсыз құдайлардың батасымен келетін мәңгілік өмір - тіптен бөлек.

Түйсіну һәм ойлау. Түйсіну һәм ойлау Эмпедокл түйсіну үдерісін мұқият сипаттаған бірінші философ болды. Ол өзінің ізашарлары сияқты материалист еді. Ғарыштағының бәрі сияқты, жан - жердің, ауаның, оттың және судың қосындысының нәтижесі. Түйсіну сезімі ағзалық сезім органдарының элементтеріне объектідегі сәйкес элементтерді қабылдау нәтижесінде жүзеге асады. Өшпенділік пен махаббат - Эмпедокл жүйесіндегі элементтерге әсер ететін күштер, олар да ұқсас нәрсе ұқсасын танитын үйлесім үдерісіне өз үлесін қосады.

Платон «Федонындағы» ажалсыздық. Платон «Федонындағы» ажалсыздық Анаксагордың ықпалына түскендердің бірі - Сократ еді, бірақ

тарихтағы Сократтың жан мен сана туралы, шын мәнінде, не ойлағанын айту қиын. Платонның «Апологиясындағы» Сократ өлімнен кейінгі өмірдің болуына көзқарасы жөнінен агностик болған тәрізді. Ол «Өлім деген не: түс көрмейтін ұйқы ма, әлде бұрынғы атақты марқұмдармен кездесу үшін басқа дүниеге сапар шегу ме?» деген сұрақтың жауабын білгісі келді. «Әркім өз жолымен жүреді, мен өлемін, сендер қалып, өмір сүре бересіңдер, тек Құдай ғана ненің жақсы екенін біледі». «Федондағы» Платонның Сократы жан өлімнен кейін де жалғаса беруімен бірге, оған сол жақта бұрынғыдан да жақсырақ болмақ деген ойға берік сенетін кейіпкер ретінде көрінеді.

Жан анатомиясы. Жан анатомиясы «Федонда» жан - біртұтас. Платон басқа диалогтерінде жанның әртүрлі бөлігі әртүрлі қызмет атқаратынын көрсетеді. «Федрде» Алькмеонға жанның өлмейтінінің қысқаша дәлелін келтіріп, оның өзіндік қозғалысына негіздеп, Платон жан құрылымын сипаттауға ауысады. «Мұны үштік деп елестет, - дейді ол, - бірі - жуас, екіншісі - асау, қос ат жеккен күймеші аспан мерекесіне бет алған». Жуас ат жоғарыға ұмтылады, ал асау ат күймені қашанда төмен тартады. Аттар адам жанының екі бөлігін бейнелейді, бірақ олардың нақты қызметтері ешқашан анықталмайды. Бұл аналогияны Платон, ең алдымен, философиялық типтегі гомоэротикалық идеалдың ерекше белгілері сияқты сипаттайды. Ер адам, бозбала және төрт ат, бәрін бір төсектен көретін сәтке жеткенде, метафора, шынында да, бақылаудан шығып кетеді.

Платон сезімдік қабылдау жөнінде. Платон сезімдік қабылдау жөнінде «Тимей», «Мемлекеттің» бастапқы кітаптары сияқты, жанды бөлшектеп зерттегенде танымды емес, тілекті негізге алды, сонымен қатар диалог, шын мәнінде, түйсік механизмдерін де зерделеді. «Теэтеттегі» сезімдік қабылдау тұжырымы Платонның назарын аударды, ол мұны «бір адамның пікірі сол адам үшін ғана ақиқат» деген Протагор байламын талқылау бағытында қарастырды. Протагордың байламынан Платон Гераклиттің ғаламдық ағым туралы доктринасын көреді. Егер дүниеде бәрі үздіксіз өзгере берсе, онда біз көретін бояулар мен басқа да сезім мүшелері арқылы сезілетін қасиеттер тұрақты және объективті шындық бола алмайды. Олардың әрқайсысын сезім мүшелеріміз бен ғаламдық иірімдегі өтпелі заттың тоғысуынан туындайтын нәтиже десек болады. Мысалы, көрінетін аналогпен кездескенде, көз ақты көре бастайды, ал объект ақ болып көрінетін болады. Ақтықтың өзі - ата мен ананың - көз бен объектінің ортасынан туындайды. Көз бен объект үздіксіз өзгеріс ықпалында болады, бірақ олардың қозғалысы сезіну әсерінің жылдамдығымен салыстырғанда, едәуір баяу. Көздің ақ объектіні көруі мен объектінің өзінің ақ түсі - егіз сияқты, олар бірге туып, бірге өлуі мүмкін.

VIII ТАРАУ

Қалай өмір сүру қажет: Этика. Ежелгі Грекия философтары көтерген мәселелердің көпшілігі моральдық тақырыпқа қатысты. Мысалы, «Қалай істеу керек деп ойласаң, солай істе» деген сөздің ертедегі нұсқасын Фалес айтқан: «керемет жақсы өмір сүруіміз үшін қайтпек керек?» деген

сұраққа ол былай жауап қайтарыпты: «басқаларды не үшін жазғырсаң, өзің соны жасамауың керек». Бұдан да екіұшты мағынада былай делінеді: ойнас қылған кісіден «күнәдан тазамын деп ант бере аласыз ба?» деп сұрағанда, ол «ант бұзу ойнас қылудан қорқынышты емес» деп жауап беріпті. Осыған ұқсас сәуегейлік сөздерді Гераклиттен де табуға болады: «Адамның қалағанының бәрін жасауы дұрыс емес»; «Адамның мінезі - оныңтағдыры». Басқа философтар нақты моральдық мәселелерге баса назар аударған: мысалы, Эмпедокл ет жеуді және жануарларды құрбандыққа шалуды айыптады. Бірақ Демокритке дейін ол секілді моральдық жүйесі бар философ болмаған.

Моральшыл Демокрит. Морадыиыл Демокрит Демокрит этика тақырыптарында асқан шешен болған: «Дильс - Кранцта» жазылғандай, оның үзінділерінің алпыс беті моральдық кеңестерге арналған. Олардың көбі қарапайым, жанашыр әпкенің ақылына ұқсайды: «өзіңнің шамаң келмейтін тапсырмаларды алма, байлық пен атақты қызғанба: өзіңнен әлдеқайда кем адамдар туралы ойла, өзіңмен тең адамдармен бәсекелес»

Сократ ізгілік туралы. Сократ ізгідік турады Сократ - ізгілік табиғатын жүйелі бақылағандардың алғашқысы; ол мұны моральдық философия мен жалпы философияның ортасына орналастырды. «Критонда» ол өлімге, әділдікпен және діншілдікпен салыстырғанда, азаптанушы ретінде қарайтынын сипаттады. Сократ диалогтерінде нақты ізгілік жан-жақты талданады: «Евтифронда» діншілдік (hosiotes), «Хармидте» сабырлылық (sophrosyne), «Лахесте» беріктік (andreia) және «Мемлекеттің» бірінші кітабында әділдік («Фрасимахта» жеке диалог ретінде бөлек шықса керек). Осы диалогтердің әрқайсысы белгілі бір үлгімен жазылған. Сократ ізгіліктің мәнін іздейді, ал диалогтегі басқа кейіпкерлер жауап ретінде анықтамаларды ұсынады. Екі жақтан (elenchus) қойылған сұрақтар әр кейіпкерді өз анықтамаларының қате екенін мойындауға мәжбүр етеді. Алайда Сократ қарсыластарынан асырып қанағаттанарлық анықтама бере алмайды, сол себепті әр диалог нәтижесіз аяқталады.

Платон әділдік және ләззат туралы. Платон әділдік және ләззат туралы «Сократ шынымен-ақ «Ізгілік деген не деген сұрақтың жауабы - гедонистік есептеу» деп шешті ме?» деген мәселеде ғалымдар ортақкелісімге келе алмады. Сократ солай ойласа да, ойламаса да, Платон олай пайымдаған жоқ. «Мемлекетте» әділдік туралы басқа көзқарас берілген: рас, ерекше бір ғана көзқарас емес. Диалогтің басты бол т - 2-кітап Платонның бауырлары Глаукон және Адимант қойған екі мәселемен басталады. Глауконның ойынша, әділдік - жамандықтан жай ғана аулақ болу емес, оның өзі асыл қасиетке ие, абыройлы болуы керек. Адиманттың ойынша, әділдікке телінген барлық қосымшаларды алып тастаса, ол - әділетсіздікке Караганда анағұрлым қалаулы нәрсе, мысалы, «көру- соқырлықтан жақсы» немесе «деннің саулығы - аурудан жақсы» деген секілді болмақ.

Аристотель евдемонизм жайында. Аристотель евдем онизм ж айы нда «Филебте» баяндалған жақсы өмірдің өлшемі Аристотельдің осы тақырыптағы толғанысында қайта жаңғырады. «Никомах этикасының»

басында айтылғандай, біз іздеген игілік басқа мақсаттармен салыстырғанда мінсіз болуы керек. Яғни ол басқа нәрсе үшін емес, тек өз мүддесі үшін ізденісте болғаны жөн; өзіне-өзі жеткілікті, тек өзімен-өзі өмірді мәнге толтыратындай және еш кемшіліксіз болуға тиіс. Бұл - бақыттың (eudaimonia) қасиеттері.

Аристотель моральдық және зияткерлік ізгіліктер туралы. Аристотель моральдық және зияткерлік ізгіліктер туралы Моральдық ізгіліктер жайында «Никомах этикасының» 2-5-кітаптарында және «Евдем этикасының» 2-3-кітаптарында айтылады. Бұл қасиеттер туа біткен емес, тәжірибе арқылы жинақталады және өмірде іске асырылмаса, өз-өзінен жойылады: олардың ақыл немесе есте сақтау қабілеттерінен айырмасы осында. Олар тұрақты, сондықтан ашулану, қайғыру сияқты уақытша көңіл ауанынан ерекшеленеді. Адамның жақсы әлде жаман болуы, мақтауға тұрарлық әлде жазғыруға лайық болуы қасиеттердің жай ғана бар немесе жоқтығынан емес, яки жай ғана құмарлықтың көрінісі саналмайды. Бұл - мінез-құлықтың күйі, ол мақсат (prohairesis) және әрекет (praxis) арқылы көрінеді

IX ТАРАУ

Құдай. Гомер поэмаларындағы кейіпкерлердің ішінде құдайлар мен құдай-әйелдер елеулі орын алады. Ең жоғарғы құдай Зевс, оның зайыбы Гера, отбасының он мүшесі, ішінде қызы Афина бар; махаббат құдайы Афродита, теңіз құдайы Посейдон, бәрі қасиетті Олимп тауында тұрады. Оларды «Илиада» мен «Одиссейдегі» адам батырлардың әрекеттері қызықтырады. Алып тұлғалы етіп бейнеленгені болмаса, құдайлар мен құдай-әйелдер адамдарға ұқсас, оларға да адам эмоциялары мен кемшіліктері тән. Олар қарапайым адамдармен ойша да, тәндік те қатынас жасай береді, бірақ мұның ақыры әдетте апатқа апарып соғады. Құдайлар мен адамдардың бір ғана түбегейлі айырмашылығы бар - адамдар өледі, ал құдайлар өлмейді

Ксенофанның табиғи теологиясы. Ксенофанның табиғи теологиясы Құдай туралы мұндай тұжырымдаманы ең алғашқы болып діни философ Ксенофан қатаң сынға алды. Тек үзінділері ғана сақталған сатиралық өлеңдерінде ол Гомердің құдайнамасына ерекше шүйлікті. Оның ойынша, Гомер әңгімелерінде ұрлық, зинақорлық, алдау сияқты адамдар арасында маскара саналатын нәрсенің бәрін құдайларға таңады. Гомер құдайлары өз мәртебесіне лайық әрекет етсе де, адамдарға тым қатты ұқсайтындықтан олардың құдіреттілігіне сену қиын. Адамдар құдайларды өздеріне ұқсас етіп елестетеді: эфиоптар «құдайлар жалпақ мұрынды және қара түсті» десе, фракиялықтар оларды көк көзді және сары шашты деп ойлайды. «Егер бұқалардың, жылқылардың және арыстандардың қолдары болып, сурет сала алса, онда құдайларды бұқалар бұқаға, жылқылар - жылқыға ұқсатып, өз денелерімен бірдей етіп салар еді». Ксенофан мұндай балаң антропоморфизмнің орнына тереңірек ойластырылған монотеизм идеясын ұсынды.-

Сократ пен Платон Құдайға құлшылық жөнінде. Сократ пен Платон Құдайға құлшылық жөнінде Платон «Мемлекет» атты еңбегінде, Ксенофаннан соң, Гомер мен Гесиодтың құдайлар туралы жиіркенішті әңгімелерін сынады. «Оларды мектеп бағдарламасынан алып тастау керек, өйткені барып тұрған өтірік, оқушыларға тек зұлымдықты уағыздайды. Балаларға құдайлар арасындағы шайқастар мен олардың жануарлардың немесе адамдардың кейпіне енгені туралы ертегілерді тыңдаудың қажеті жоқ». Құдай мейірімді және ешкімге зиян келтірмейді.

Қорытынды

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мақаласы жарияланғаннан кейін елімізде үлкен рухани қозғалыстар болып жатыр.

Оқулық дегеніміз – ұлттың санасын қалыптастыратын дүние. Әлемнің озық деген оқулықтарын аудару арқылы біз білім, ғылым саласындағы озық ойды жастардың санасына құйып, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен тең ойлай алатын, бәсекелесе алатын ұлтты қалыптастырамыз.

Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы Антика философиясы 1-том» оқулығының бұған дейін шығарылып жүрген оқулықтардан айырмашылығы көп. Мәселен, жалпы басқару ғылымын тәжірибеде пайдалану, оның ішінде ірі кәсіпорындарда басқаруды, яғни менеджментті дұрыс пайдалана отырып, айтулы жетістіктерге қалай жетуге болатыны туралы кейстер молынан берілген. Сонымен қатар, әлемдік ірі кәсіпорындардың сәтсіздікке ұшыраған жағдайлары да жазылған. Жалпы, кәсіпорын неліктен сәтсіздікке ұшырады? Қандай қиындықтарға кездесті? Соның ішіндегі басқару жүйесінде болған кемшіліктерді, толық мәліметті туынды жіліктеп тұрып алдыңызға жайып береді.

«Батыс философиясының жаңа тарихы Антика философиясы 1-том» оқулығы – студенттер қауымына ғана емес, Елбасының өзі айтқандай мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын, әр салада қызмет етіп жүргендерге де, магистранттар мен докторанттардың бәріне таптырмас білім көзі.

Бұл оқулықтың осынған дейінгі оқулықтардан басты айырмашылығы, түпнұсқалық құндылық сақталған және антикалық ғаламат білім мен бүгінгі күн тәжірибесі кәсіби ұштастырылған.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мақаласы.
- 2 «Ұлы даланың жеті қыры» Мақаласы, 17 қараша 2018 жыл
- 3 Энтони Кенни. Антика философиясы. Батыс философиясының жаңа тарихы. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 ж. – 360 бет. – 408 бет.
- 4 <https://openu.kz>
- 5 <https://kitap.kz>
- 6 <http://www.akorda.kz>.

